

16.00.00 – «Ветеринария» мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор ғылыми атағын ізденуші туралы анықтама

1	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Жүгінісов Қуандық Дәулетбайұлы
2	Ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі	Биология ғылымдарының кандидаты, 2019 ж. 28 қарашасы (№9к-1/18-хатама), диплом ИКД№002527 PhD, 2020 ж. 28 мамыры, диплом ФД №0000138
3	Ғылыми атағы, берілу күні	жоқ
4	Құрметті атағы, берілу күні	жоқ
5	Лауазымы (лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күн мен нөмері)	БҚПҒЗИ «Микроағзалар коллекциясы» зертханасының меңгерушісі, 2020 ж. 05 қаңтардағы №9-бұйрық
6	Ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметі өтілі	Барлығы 15 жыл, оның ішінде зертхана меңгерушісі ретінде – 3,5 жыл
7	Диссертациясын қорғағаннан кейінгі ғылыми жұмыстарының саны	Барлығы 38 , уәкілетті органмен ұсынылған баспаларда 9 , Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) компаниясының базаларына кіретін ғылыми журналдарда 8 , Scopus (Скопус) 8 , инновациялық патенттері 4
8	Соңғы 5 жылда жарияланған монографияларының, оқулықтарының, жеке өзі жазған оқу құралдарының (оқу-әдістемелік) саны	1 монография
9	Оның жетекшілігімен диссертациясын қорғаған немесе ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы	жоқ

	(PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар тұлғалар	
10	Оның жетекшілігімен дайындалған республикалық, халықаралық, шетелдік конкурстар, көрмелер, фестивальдар, сыйлар, олимпиадалардың лауретаттары, жүлде иегерлері.	жоқ
11	Оның жетекшілігімен дайындалған Бүкіләлемдік универсиадалардың, Азия және Азия ойындары чемпионаттарының чемпиондары мен сый иегерлері, Еуропа, әлем және Олимп ойындарының чемпиондары мен жүлде иегерлері	жоқ
12	Қосымша ақпарат	<p>Дәйексөз алыну индексі (H-index): Web of Science citations H-index – 4, Citation report - 11 - Web of Science Core Collection Scopus citations H-index – 6, https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56784395500 Жүгінісов Қуандық Дәулетбайұлы, 1983 жылы 26 сәуірде Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қызылжар ауылында дүниеге келген.</p> <p>1989-2000 жылдары Қаракемір ауылының №81 орта мектебінде оқыды, 2002 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ветеринария факультетіне түсіп, 2007 жылы ветеринария мамандығы бойынша бітірді.</p> <p>Жүгінісов Қуандық Дәулетбайұлы, еңбек жолын университетті бітіргеннен кейін 2007 жылдың қыркүйегінен бастап Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының</p>

	<p>«Жасушалық биотехнология» зертханасында аға зертханашы лауазымында бастады. 2007 жылдың қарашасында «Вирустарды өсіру биотехнологиясы» зертханасына ауыстырылды және 2008 жылдың қаңтарында кіші ғылыми қызметкер болып сайланды. 2011 жылы ҚазҰАУ күндізгі магистратурасына Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша түсіп, 2013 жылы Ветеринария ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алды. Магистратураны бітірген кейін 2013 жылдың қыркүйегінен 2014 жылдың қаңтарына дейін ҚазҰАУ-да «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасында ассистент болып жұмыс істеді. 2014 жылдың ақпан айында Биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтына «Микроорганизмдерді өсіру технологиялары» зертханасының ғылыми қызметкері лауазымына қабылданды.</p> <p>2016 жылы Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Биотехнология институтында күндізгі аспирантураға түсті. Кандидаттық диссертацияның тақырыбы блутангтың алдын алу құралдарын жасау технологиясын жетілдіруге арналған. Аспирантураны бітіргеннен кейін 2019 жылы 03.01.06 – Биотехнология мамандығы бойынша биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін ала отырып, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Бұдан әрі ҚР-да дипломды нострификациялау рәсімінен өтті және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы Сапаны қамтамасыз ету комитетінің шешімімен 2020 жылғы 28 мамырдағы 6D070100 – Биотехнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді (№203 бұйрық).</p> <p>«Микроорганизмдерді өсіру технологиялары» зертханасына келгеннен кейін К.Д. Жүгінісов ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмысқа белсене кірісті және «Жануарлардың Орталық Азия мен Таяу Шығыс өңірлерінде таралған аса қауіпті инфекцияларын мониторингтеу, алдын алу құралдары мен әдістерін әзірлеу» жобасының жауапты орындаушысы және «Күйіс қайырушы ұсақ жануарлардың обасы мен қойдың қатаральды безгегі вирустарын суспензиялық культивациялау және микро тасымалдаушыларда культивациялау әдісін әзірлеу және енгізу» жобасының орындаушысы болды.</p> <p>2009 жылдан 2011 жылдың қыркүйегіне дейін «Медицинада, ауыл шаруашылығында, қоршаған ортаны</p>
--	--

	<p>қорғауда, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінде гендік-инженерлік және жасушалық технологияларды әзірлеу және пайдалану» бағдарламасы бойынша «Қойдың қатаралды қызбасын балау мен алдын алудың жоғары тиімді құралдарын әзірлеу» жобасының 2009-2011 жылдарға арналған жауапты орындаушысы, сондай-ақ 2008-2010 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласына арналған А/Н5N1 тұмауына қарсы вакцина әзірлеу» ҒТБ бойынша «А/Н5N1 тұмауы вирусын өсіру параметрлерін әзірлеу» жобасының орындаушысы болды.</p> <p>2010-2011 жылдар аралығында 2010-2012 жылдарға арналған «Жылқы тұмауы: эпизоотологиялық мониторинг, ерекше алдын алу және диагностика құралдарын әзірлеу» ҒТБ бойынша «Жылқы тұмауы қоздырғышының иммунобиологиялық, патогендік, культуралық және физикалық-химиялық қасиеттерін зерттеу» жобасының орындаушысы, сондай-ақ 2012-2014 жылдарға арналған «Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін гранттық қаржыландыру» шеңберінде орындалған «Қойдың қатаралды қызбасына қарсы тірі бивалентті культуралық вакцинаны дайындау технологиясын әзірлеу» жобасының орындаушысы және «Күйіс қайырушы ұсақ жануарлардың обасы мен қой шешегіне қарсы қауымдастырылған вакцина жасау технологиясын әзірлеу» жобасының орындаушысы болды.</p> <p>2014-2015 жылдары 2013-2015 жылдарға арналған О. 0649 «Қауіпті патогендерді тасымалдауға эпидемиялық өзекті өңірлердегі жабайы фаунаны мониторингілеу және зерделеу және Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді профилактикалық іс-шараларды әзірлеу» республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасы шеңберінде орындалған «Жабайы фауна жануарларының өзекті ауруларына қарсы кешенді профилактикалық іс-шараларды әзірлеу» жобасының орындаушысы болды.</p> <p>2016-2018 жылдары «Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде үй жануарлары мен күйіс қайырушы жануарлар арасында бруцелла түрлерінің және блутанг вирусының серотиптерінің таралуы» халықаралық жобасының жауапты орындаушысы болды. Зерттеу жобасының негізгі мақсаты оңтүстік Қазақстанда айналымда жүрген блутанг вирусының штамдары мен бруцелла түрлерін және олардың ауыл шаруашылық күйіс қайырушы жануарлар арасында таралу дәрежесін анықтау болып табылады.</p>
--	---

	<p>Қазіргі уақытта К.Д. Жүгінісов келесі тақырыптағы жобалардың жетекшісі болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2023-2025 жылдарға арналған «Блютанг: Қазақстан аумағында айналымдағы вирустың негізгі тасымалдаушылары, таралу аймағы және генетикалық сипаттамасы және нақты алдын алу құралдарын енгізу»; - 2021-2023 жылдарға арналған «Түйе шешегіне қарсы инактивтелген вакцина жасау технологиясын әзірлеу»; -2020-2022 жылдарға арналған «COVID-19 коронавирусына қарсы профилактикалық вакцина жасау» тақырыбында ҒТБ шеңберінде «COVID-19 вирусының молекулалық-генетикалық және биологиялық қасиеттерін оқшаулау және зерттеу»; -2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі: қауіптерді бағалау, олардың алдын алу мен жоюдың ғылыми-техникалық негіздері» ҒТБ шеңберінде «Елдің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аса қауіпті жұқпалы аурулардың нақты профилактикасы құралдарын әзірлеу және енгізу»; - 2021-2023 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі: қатерлерді бағалау, олардың алдын алу мен жоюдың ғылыми-техникалық негіздері» ҒТБ шеңберінде «Микроорганизмдердің мемлекеттік стратегиялық гендік қорының (жасуша культуралараның банкі және микроорганизмдер коллекциясы) сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз ету, оны биологиялық қатерлерді анықтау және жою құралдарын әзірлеуде пайдалану». <p>Жоғарыда аталған бағдарламалар мен жобаларды іске асырудың табыстылығын оның тікелей қатысуымен ауыл шаруашылығы жануарларының аса қауіпті вирустық ауруларына қарсы вакциналар (жануарлардың блютангына қарсы инактивтелген сорбцияланған бивалентті вакцина, құтыруға қарсы инактивтелген вакцина, жабайы жыртқыштарға арналған тірі пероралды антирабикалық вакцина, қой мен күйіс қайырушы ұсақ жануарлардың обасына және шешекке қарсы тірі қауымдастырылған вакцина, нодулярлы дерматитке қарсы тірі гетерогенді вакцина) әзірленгендігімен бағалауға болады. Ол сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің желісі бойынша мемлекеттік тапсырыстарды қамтамасыз ету үшін қой шешегіне, түйе шешегіне, ірі қара малдың нодулярлы</p>
--	--

	<p>дерматитіне, күйіс қайырушы ұсақ жануарлардың обасына және қой мен ешкінің жұқпалы эктимасына қарсы вакцина препараттарын өндіруге белсенді қатысты. Осы уақытқа дейін бұл вакциналардың 100 миллионнан астам дозасы өндіріліп, еліміздің ветеринарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылды.</p> <p>Сонымен қатар, К.Д. Жугунисовтың тікелей қатысуымен алғаш рет «QazVac» сауда атауымен белгілі COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы отандық инактивтелген вакцина әзірленіп, клиникаға дейінгі сынақтан өтті. Қазіргі уақытта бұл әзірлеу өндіріске енгізілді және вакцинаның 2,5 млн-нан астам дозасы іске асырылды және коронавирустық инфекциямен эпидемиологиялық жағдайда сәтті қолданылды.</p> <p>2020 жылы К.Д. Жүгінісов түйе шешегіне қарсы вакцинаны өндіріске алғаш енгізді. Бүгінгі таңда Маңғыстау, Қызылорда және Түркістан облыстарында түйе шешегін жою үшін вакцинаның 200 мыңнан астам дозасы өндірілді.</p> <p>БҚПҒЗИ-да еңбек ете отырып, К.Д. Жүгінісов 2008 жылы И.И. Мечников атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік медицина академиясы мен РММ тұмау ҒЗИ-ында «Вирусологияның өзекті мәселелері» тақырыптық жетілдіру циклі бағдарламасы бойынша оқу курсынан өтті. 2011 жылдың ақпанында ол 1-ші Халықаралық Биоқауіпсіздік Симпозиумға (Балтимор, АҚШ) қатысты. 2012 жылдың ақпан айында академиялық ұтқырлық бойынша білім беру курстарынан өтті (Брно қ., Чехия).</p> <p>К.Д. Жүгінісов бірлескен авторлықта 78 ғылыми жұмыс жариялады, оның ішінде 54 мақала республикалық журналдарда, 12 тезис халықаралық конференцияларда және 10 халықаралық рецензияланатын шетелдік журналдарда. Бұдан басқа, ол 12 ұлттық патенттің авторы, ҚР АШМ бекіткен профилактикалық препараттарға арналған нормативтік-техникалық құжаттамалардың 3 жиынтығының, сондай-ақ 1 монографияның тең авторы болып табылады.</p> <p>К.Д. Жүгінісов өзінің білімі мен тәжірибесін арттыру мақсатында 10-нан астам тренингке қатысқан және сертификаттарға ие.</p> <p>Қазіргі уақытта К.Д. Жүгінісов әл-Фараби атындағы ҚазҰЗУ Биотехнология мамандығы бойынша бір докторанттың ғылыми жетекшісі болып табылады.</p>
--	---

	<p>2019 жылдан бастап БҚПҒЗИ «Биоқауіпсіздік және Биотехнология» ғылыми-практикалық журналының редакциялық алқасының мүшесі.</p> <p>К.Д. Жүгінісов диссертацияны қорғағаннан кейін 2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 37 ғылыми еңбек жариялады, оның ішінде 32 ғылыми мақала, 8 мақала халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, 9 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 4 патент, 1 монография, ҚР АШМ бекіткен профилактикалық препараттарға арналған 3 нормативтік-техникалық жинақ жариялады.</p> <p>К.Д. Жүгінісов институт пен елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысады. 2021 жылдан бастап ҚР ҒжЖОМ жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің мүшесі. Осы уақыт ішінде ол өзін сауатты, еңбекқор, жауапты орындаушы және перспективалы зерттеуші ретінде көрсетті. 2015 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімінен ғылым саласындағы табысты жұмысы және қоғамдық өмірге белсенді қатысқаны үшін алғыс хат алды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ол ғылыми жобалардағы жетістіктері, отандық және шетелдік рейтингілі журналдарда белсенді ғылыми жарияланымдары үшін БҚПҒЗИ бас директорынан грамота алды. 2017 жылы Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік даму жолында қол жеткізген табыстары үшін, сондай-ақ білім беруді дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2018, 2020 және 2021 жылдары БҚПҒЗИ ғылыми қызметкерлері арасында «белсенді ғылыми қызмет» байқауында 1-орын дипломын алды. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, сондай-ақ коронавирустық инфекция пандемиясына қарсы күрестегі жемісті жұмысы үшін 2020 жылы К.Д. Жүгінісов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫ» медалімен марапатталды.</p>
--	---

отформатировано: английский (США)

БҚПҒЗИ бас директорының м.а.

А.А. Керимбаев